ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

# ҚЫСҚАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

# ЕРЕЖЕ

# МАЗМҰНЫ

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Жалпы ережелер | 2 |
| 2 | Қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыру | 8 |
| 3 | Білім алушыларды қабылдау | 9 |
| 5 | Қорытынды ережелер | 11 |
| | А қосымшасы | 12 |
| | А.1 кестесі | 12 |
| | А.2 кестесі | 16 |

# 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қысқартылған білім беру бағдарламалары (ҚББ) бойынша оқытуды ұйымдастыру туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары кәсіптік білім беру негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқытуға талапкерлерді қабылдау, оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру тәртібін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 242 бұйрығымен бекітілген ұқсас мамандықтар тізбесіне;
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Ғылыми кеңесінің 2020 жылғы 3 наурыздағы № 8 шешімімен бекітілген Академиялық саясатына.

1.3 Білім алушының Университетте іске асырылатын білім беру бағдарламаларына жақын дайындық бағыттары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі

кәсіптік білімі болған жағдайда қысқартылған мерзімде жоғары кәсіптік білім алуына болады.

1.4 Қысқартылған мерзімде оқыту Университеттің бакалавриат бағдарламалары бойынша білім беру қызметіне бас лицензиясында қамтылған барлық мамандықтар бойынша іске асырылуы мүмкін. «В029 – Аудиовизуалды құралдар және медиа өндіріс» білім беру бағдарламалар тобы ғана ерекшелікті құрайды, олар бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес қысқартылған нысанда оқыту қарастырылмаған.

1.5 Қысқартылған дайындық бағдарламалары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алуға рұқсат етілмейді.

1.6 Қысқартылған білім беру бағдарламалары (ҚББ) бойынша күндізгі нысанда жоғары кәсіптік білім алу білім алушының меншікті қаражаты бойынша іске асырылады.

1.7 Ұқсас мамандықтар бойынша, сонымен қатар, дайындық бейініне сәйкес келмейтін мамандықтар бойынша да жоғары кәсіптік білімі бар тұлғалар ҚББ бойынша жоғары кәсіптік білім алуына болады.

1.8 Ұқсас немесе дайындық бейініне (бағытына) сәйкес мамандықтар ретінде жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларына мазмұны бойынша жақын (алатын білімі, оқуы, дағдылары мен біліктілігі бойынша сәйкес) білім беру бағдарламалары саналады.

1.9 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқытуға тек қана ұқсас мамандықтар бойынша білімі бар білім алушылар қабылданады.

Университеттің білім беру бағдарламаларын қысқартылған оқыту нысаны бойынша игеруге болатын техникалық және кәсіптік білім негізіндегі мамандықтардың тізбесі және оларға сәйкес білім беру бағдарламалары 1.1 кестеде берілген.

1.10 Мамандықтардың шифрлары мен атаулары сәйкес келмеген жағдайда білім алушының ұқсас мамандықтарды игеру нәтижесінде алатын біліктілікке жақын біліктілігі есепке алынады.

Ұқсас мамандықтар мен олардың біліктіліктері Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің жіктеуішіне сәйкес А қосымшасында келтірілген.

1.11 ҚББ бойынша оқытуды ұйымдастыруды, оны әдістемелік қамтамасыз етуді Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет (АМЖҚ) іске асырады.

1.1 кесте

## Қысқартылған оқыту нысаны бойынша білім беру бағдарламасын игеруге болатын техникалық және кәсіптік білім негізіндегі мамандықтар тізбесі

| № | Білім беру бағдарламасы | | Техникалық және кәсіптік білім негізіндегі мамандықтар | |
|---|---|---|---|---|
| | **Шифры** | **Атауы** | **Коды** | **Атауы** |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| | **6В01 – Педагогикалық ғылымдар** | | | |
| 1 | 6В01401 | Музыкалық білім беру | 0110500 | Музыкалық білім беру |
| | | | 0211100 | Музыка теориясы |
| | | | 0211000 | Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша) |
| | | | 0211300 | Хорды дирижерлау |
| | | | 0211200 | Вокалдық өнер |
| | **6В02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар** | | | |
| 2 | 6В02101<br>6В02102<br>6В02122<br>6В02123 | Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша) | 0211000 | Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша) |
| 3 | 6В02103 | Вокалдық өнер | 0211200 | Вокалдық өнер |
| | | | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (музыкалық түрлері бойынша) |
| | | | 0211000 | Аспаптық орындау |
| | | | 0110500 | Музыкалық білім беру |
| | | | 0211100 | Музыка теориясы |
| | | | 0211300 | Хорды дирижерлау |
| 4 | 6В02104 | Дәстүрлі жыр (Айтыс) | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (музыкалық түрлері бойынша) |
| 5 | 6В02106 | Арт-менеджмент | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (музыкалық түрлері бойынша) |
| | | | 0211900 | Әлеуметтік-мәдени қызмет |
| | | | 0410400 | Менеджмент (өнер және мәдениет саласында) |
| | | | 0110500 | Музыкалық білім беру |
| | | | 0211100 | Музыка теориясы |
| | | | 0211000 | Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша) |
| | | | 0211300 | Хорды дирижерлау |
| | | | 0211200 | Вокалдық өнер |
| | | | 0210500 | Дизайн |
| 6 | 6В02109 | Музыкатану | 0211100 | Музыка теориясы |
| | | | 0211000 | Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша) |
| | | | 0211300 | Хорды дирижерлау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (музыкалық түрлері бойынша) |
| 7 | 6В02110 | Поэзия және өнер | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (музыкалық түрлері бойынша) |
| 8 | 6В02111<br>6В02117<br>6В02118 | Сценография (Театр-декорациялық өнер,<br>Театр техникасы және спектакльді безендіру,<br>Жарық техникасы бағыттары бойынша) | 0211700 | Театр-декорациялық өнері (бейін бойынша) |
| | | | 0210600 | Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша) |
| | | | 0210500 | Дизайн (салалары бойынша) |
| | | | 0730100 | Архитектура |
| | | | 0730400 | Дизайн, азаматтық ғимараттарды қалпына келтіру және қайта құру |
| | | | 0730500 | Ландшафтық дизайн |
| 9 | 6В02115<br>6В02121 | Сценография (Театр, кино және теледидар костюмінің сценографиясы,<br>Киім дизайны бағыттары бойынша) | 0211700 | Театр-декорациялық өнері (бейін бойынша) |
| | | | 0210600 | Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша) |
| | | | 0210500 | Дизайн (салалары бойынша) |
| | | | 0730100 | Архитектура |
| | | | 0723000 | Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу |
| 10 | 6В02119 | Сценография - театр, кино және теледидар гримінің сценографиясы | 1010200 | Шаштараз өнері және сәндік косметика |
| | | | 0211700 | Театр-декорациялық өнер (бейін бойынша) |
| 11 | 6В02124 | Кинотану | 0211400 | Актерлік өнер |
| | | | 0211800 | Дыбыс операторлық шеберлік |
| 12 | 6В02125 | Мұражайтану | 1010500 | Туризм |
| 13 | 6В02126 | Оркестрді дирижерлау | 0211100 | Музыка теориясы |
| | | | 0211000 | Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша) |
| | | | 0211300 | Хорды дирижерлау |
| | | | 0211200 | Вокалдық өнер |
| | | | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (музыкалық түрлері бойынша) |
| 14 | 6В02127 | Хорды дирижерлау | 0211100 | Музыка теориясы |
| | | | 0211000 | Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша) |
| | | | 0211300 | Хорды дирижерлау |
| | | | 0211200 | Вокалдық өнер |
| | | | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (музыкалық түрлері бойынша) |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| 15 | 6В02128 | Кинотеледраматургия | 0211400 | Актерлік өнер |
| | | | 0211800 | Дыбыс операторлық шеберлік |
| 16 | 6В02129 | Театртану | 0110500 | Музыкалық білім беру |
| | | | 0211100 | Музыка теориясы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 0211000 | Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша) |
| | | | 0211300 | Хорды дирижерлау |
| | | | 0211200 | Вокалдық өнер |
| | | | 0211700 | Театр-декорациялық өнері (бейін бойынша) |
| | | | 0211400 | Актерлік өнер |
| | | | 0211600 | Хореографиялық өнер |
| | | | 0211800 | Дыбыс операторлық шеберлік |
| | | | 0211900 | Әлеуметтік-мәдени қызмет |
| 17 | 6В02130 | Композиция | 0211100 | Музыка теориясы |
| | | | 0211000 | Аспаптық орындау (түрлері бойынша) |
| | | | 0211300 | Хорды дирижерлау |
| | | | 0211200 | Вокалдық өнер |
| | | | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (музыкалық түрлері бойынша) |
| 18 | 6В02131<br>6В02132<br>6В02133 | Кескіндеме (түрлері бойынша) | 0210600 | Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша) |
| | | | 0210800 | Сәндік-қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша) |
| | | | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (сәндік қолданбалы өнер бойынша) |
| | | | 0210500 | Дизайн |
| | | | 0730100 | Архитектура |
| | | | 0730400 | Дизайн, азаматтық ғимараттарды қалпына келтіру және қайта құру |
| | | | 0730500 | Ландшафтық дизайн |
| 19 | 6В02134 | Мүсін | 0210600 | Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша) |
| | | | 0730100 | Архитектура |
| 20 | 6В02136<br>6В02137<br>6В02138<br>6В02139 | Дизайн (салалар бойынша) | 0210600 | Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша) |
| | | | 0211700 | Театр-декорациялық өнері (бейін бойынша) |
| | | | 0210800 | Сәндік-қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша) |
| | | | 0210500 | Дизайн |
| | | | 0730100 | Архитектура |
| | | | 0730400 | Дизайн, азаматтық ғимараттарды қалпына келтіру және қайта құру |
| | | | 0730500 | Ландшафтық дизайн |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 21 | 6В02140 | Сәндік (декоративтік) өнер (түрлері бойынша) | 0210800 | Сәндік-қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша) |
| | | | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (түрлері бойынша) |
| | | | 0110600 | Көркем еңбек |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 0210200 | Графикалық және мультимедиялық дизайн |
| | | | 0210900 | Зергерлік іс |
| | | | 0723300 | Тоқыма өндірісі (түрлері бойынша) |
| | | | 0723700 | Трикотаж, тоқыма, галантерея бұйымдары технологиясы |
| 22 | 6В02141 | Дәстүрлі ән салу | 0211200 | Вокалдық өнер |
| | | | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (музыкалық түрлері бойынша) |
| 23 | 6В02142<br>6В02143 | Халық аспаптары (түрлері бойынша) | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (музыкалық түрлері бойынша) |
| 24 | 6В02144 | Дәстүрлік жыр | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (музыкалық түрлері бойынша) |
| 25 | 6В02161 | Кино және ТВ режиссурасы, продюсерлігі | 0211400 | Актерлік өнер |
| 26 | 6В02162 | Өнертану | 0210600 | Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша) |
| | | | 0211700 | Театр-декорациялық өнері (бейін бойынша) |
| | | | 0210800 | Сәндік-қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша) |
| | | | 0210500 | Дизайн |
| | | | 0730100 | Архитектура |
| 27 | 6В02163 | Драма театрының режиссурасы | 0211400 | Актерлік өнер |
| 28 | 6В02165 | Кино және ТВ дыбыс режиссурасы | 0211400 | Актерлік өнер |
| | | | 0211800 | Дыбыс операторлық шеберлік |
| 29 | 6В02166 | Ойындық кино режиссурасы | 0211400 | Актерлік өнер |
| 30 | 6В02167 | Телевизия режиссурасы | 0211400 | Актерлік өнер |
| 31 | 6В02168 | Анимациялық фильм режиссурасы | 0211400 | Актерлік өнер |
| 32 | 6В02169 | Музыкалық дыбыс режиссурасы | 0211400 | Актерлік өнер |
| | | | 0211800 | Дыбыс операторлық шеберлік |
| | | | 0211200 | Вокалдық өнер |
| 33 | 6В02170 | Ойындық емес кино режиссурасы | 0211400 | Актерлік өнер |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 34 | 6В02171 | Драма театры мен кино әртісі | 0211400 | Актерлік өнер |
| 35 | 6В02173 | Музыка театрының әртісі | 0211400 | Актерлік өнер |
| | | | 0211200 | Вокалдық өнер |
| 36 | 6В02176 | | 0211400 | Актерлік өнер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Қуыршақ театрының әртісі | 0210800 | Сәндік-қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша) |
| 37 | 6B02181<br>6B02182<br>6B02183 | Эстрада өнері | 0211100 | Музыка теориясы |
| | | | 0211000 | Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша) |
| | | | 0211300 | Хорды дирижерлау |
| | | | 0211200 | Вокалдық өнер |
| | | | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (музыкалық түрлері бойынша) |
| 38 | 6B02190 | Кино және ТВ суретшісі | 0211700 | Театр-декорациялық өнері (бейін бойынша) |
| | | | 0210600 | Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша) |
| | | | 0210500 | Дизайн (салалар бойынша) |
| | | | 0730100 | Архитектура |

## 2 ҚЫСҚАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1 ҚББ бойынша оқу процесін ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары күндізгі оқудың үлгілік нысанына тән ұстанымдарға және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Ғылыми кеңесінің 2020 жылғы 3 наурыздағы № 8 шешімімен бекітілген Академиялық саясатына сәйкес келеді.

2.2 Алдыңғы алған біліміне кредиттерді есепке жатқызумен Университеттің таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша кредиттердің қажетті көлемін толығымен игеруі жағдайында білім алушы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары кәсіптік білім негізінде қысқартылған мерзімде жоғары кәсіптік білім алуына болады.

2.3 Білім алушының ҚББ игеру мерзімін таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша нормативтік мерзімге қатысты 1 жылға азайту ұсынылады. Сәйкес бейінде жоғары кәсіптік білімі, таңдалған салада жоғары шығармашылық жетістіктері (халықаралық конкурстардың лауреаттары, олимпиадалар жеңімаздары, мемлекеттік деңгейдегі шығармашылық атақтар мен марапаттардың иегерлері) бар тұлғаларға, шығарушы кафедраның өтінішхаты бойынша оқу уақытын 2-3 жылға азайтуға рұқсат етіледі.

2.4 Қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқу жоспары алдыңғы кәсіптік білімді есепке алумен Университетте әрекет ететін білім беру бағдарламаларының толық оқу курсы негізінде әзірленеді. Алдыңғы алған

білімге кредиттерді есепке жатқызуды шығарушы кафедраның ұсынысын ескерумен комиссия іске асырады.

2.5 Қысқартылған оқу нысанының оқу жоспарларында пәндердің жалпы еңбек сыйымдылығы барлық тәжірибе түрлерін ескерумен дайындық бағыты бойынша сәйкес үлгілік оқу жоспарларында көрсетілгеннен кем түспейтін көлемде болуы тиіс.

2.6 Білім алушының жеке оқу жоспарын әзірлеуде пәнді (модульдерді) игеру қисынын қадағалау міндетті: оқитын пәндерді оқуға дейін және кейін игеруге қажетті пәндерді.

2.7 Алдыңғы алған білімінің есепке алынған бағаларына қанағаттанбаған білім алушы пәнді қайталап оқуға және қорытынды аттестаттау кезінде өзінің бағасын көтеруге құқығы бар.

## 3 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

3.1 ҚББ бойынша оқытуға құжаттар қабылдау және талапкерлерді оқуға тіркеу жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес іске асырылады.

3.2 Талапкер Университет ректорының атына қысқартылған оқыту нысанында оқу қажеттігі жөнінде негіздемесімен өтініш береді, растайтын құжаттармен қоса:

- Алдыңғы білімі – бастауыш кәсіптік (техникалық және кәсіптік), орта кәсіптік (ортадан кейінгі), жоғары кәсіптік білімі туралы құжаттың түпнұсқасы және оған қосымшалар;
- Конкурстарға, олимпиадалар мен басқа да шығармашылық іс-шараларға қатысуы туралы дипломдардың көшірмелері;
- Тағайындалған шығармашылық атақ, марапаттар туралы дипломдар мен марапаттау қағаздарының көшірмелері;
- Мамандығы бойынша жұмыс істеген тұлғалар үшін еңбек кітапшасының көшірмесі немесе жұмыс орнынан анықтамалар.

3.3 ҚББ бойынша оқытуға қабылдау туралы шешімді осы дайындық бағыты бойынша мамандарды оқытып шығаратын кафедраның өкілі міндетті түрде мүшесі болуы тиіс арнайы комиссия қабылдайды.

3.4 Комиссия талапкерді тыңдау нәтижесінде және/немесе олар орындаған сурет, фотосурет, аудио және бейне жазбалар, т.б. электрондық, сондай-ақ, басып шығарылған түрдегі жұмыстар жинақталуымен ұсынылған портфолио негізінде оған шығармашылық емтихан тапсыруға рұқсат беру жөнінде шешім қабылдайды.

3.5 Талапкердің пәндік дайындығының мазмұны сәйкес келмеген жағдайда (өнер саласында мамандар дайындау ерекшелігіне байланысты) ҚББ бойынша оқытуға талапкердің дайындық деңгейі сәйкес келмеуі туралы комиссия мәжілісінің хаттамасы негізінде оған Университеттің бірінші курсына қалыпты тәртіпте оқуға түсуге ұсыныс беріледі.

3.6 Білім алушыларды қабылдау комиссияның ұсыныстары және Қазақ ұлттық өнер университетінің қабылдау комиссиясы өткізетін шығармашылық емтихандардың нәтижесі бойынша іске асырылады. Бұл ретте оқу курсын анықтауда дайындық бағыты, талапкердің алдыңғы игерген білім беру бағдарламасының бейіні, сондай-ақ, оқу және шығармашылық жетістіктері назарға алынады.

3.7 ҚББ бойынша Университеттің барлық білім беру бағдарламаларына түсу үшін шығармашылық емтихан өткізіледі, оны өткізу нысаны Қазақ ұлттық өнер университетінің бакалавриатына қабылдау туралы Ережеге сәйкес келеді. Шығармашылық емтиханды екі кезеңде өткізуге рұқсат етіледі.

3.8 Шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады. Бағалардың дәйектелімі 3.1 кестеде келтірілген.

3.1 кесте

20 балдық жүйенің дәстүрлі бағаларға сәйкестігі

| **Баға** | | |
|---|---|---|
| Балмен | Әріппен | **Дәстүрлік** |
| 16-20 | A | Үздік |
| 11-15 | B | Жақсы |
| 5-10 | C | Қанағаттанарлық |
| 0-4 | D | Қанағаттанарлықсыз |

3.9 Шығармашылық емтиханды екі кезеңде өткізуде баға 20 балдық жүйе бойынша әр кезең үшін жеке түрде қойылады. Қорытынды баға ретінде қойылған екі бағаның орташа арифметикалық шамасы алынады.

3.10 Шығармашылық емтихан бойынша «Қанағаттанарлықсыз» баға алған немесе емтиханған қатыспаған тұлғаларға білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуге рұқсат етілмейді.

3.11 Шығармашылық емтихан бойынша «Қанағаттанарлық» баға алған тұлғаларға білім беру бағдарламаларына қысқартылған оқыту нысаны бойынша оқуға түсуге рұқсат етілмейді. Оларға Университетке бірінші курстан бастап оқытудың толық цикліне түсуге ұсыныс беріледі.

## 4 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

4.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.

А қосымшасы

А.1 кестесі

**Қазақ ұлттық өнер университетінің білім беру бағдарламаларына ұқсас техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының тізбесі**

| № | Мамандық | | Біліктілік | |
|---|---|---|---|---|
| | **Коды** | **Атауы** | **Коды** | **Атауы** |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| | **01 Білім<br>011 Білім** | | | |
| | **0114 Пәндік мамандандырылған мұғалімдерді дайындау** | | | |
| 1 | 0110500 | Музыкалық білім беру | 4S0110501 | Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы музыка мұғалімі |
| 2 | 0110600 | Көркем еңбек | 4S0110601 | Көркем еңбек мұғалімі |
| | **02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар<br>021 Өнер** | | | |
| | **0211 Аудиовизуалды құралдар және медиа өндіріс** | | | |
| 3 | 0210200 | Графикалық және мультимедиялық дизайн | 3W0210101 | Компьютерлік графика операторы |
| | | | 4S0210102 | Компьютерлік графика суретшісі |
| | | | 4S0210103 | Графикалық анимация технигі |
| | **0212 Сән, интерьерлер дизайны және өнеркәсіптік дизайн** | | | |
| 4 | 0210500 | Дизайн (салалар бойынша) | 3W0210501 | Көркем-безендіру жұмыстарын орындаушы |
| | | | 4S0210502 | Интерьер дизайнері |
| | | | 4S0210503 | Киім дизайнері |
| | | | 4S0210504 | Өнеркәсіптік дизайнер |
| 5 | **0213 Бейнелеу өнері** | | | |
| | 0210600 | Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша) | 4S0210601 | Суретші |
| | | | 4S0210602 | Суретші-иллюстратор |
| | | | 4S0210603 | Суретші-мүсінші |
| | **0214 Қолөнер өндірісі** | | | |
| 6 | 0210800 | Сәндік-қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша) | 3W0210801 | Көркем құю қалыптаушы |
| | | | 3W0210802 | Көркемөнер бұйымдарды дайындаушы |
| | | | 3W0210803 | Аспаптарды дайындаушы |
| | | | 4S0210804 | Сәндік-қолданбалы өнер суретшісі |
| 7 | 0210900 | Зергерлік іс | 4S0210903 | Зергерлік іс шебері |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | **0215 Музыка және театр өнері** | | | |
| 8 | 0211000 | Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша) | 4S0211001 | Концертмейстер, балалар музыка мектебінің оқытушысы |
| | | | 4S0211002 | Оркестр әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы |
| | | | 4S0211003 | Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы |
| | | | 4S0211004 | Эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы |
| 9 | 0211100 | Музыка теориясы | 4S0211101 | Музыкатанушы-лектор, балалар музыка мектебінің оқытушысы |
| 10 | 0211200 | Вокалдық өнер | 4S0211201 | Академиялық ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы |
| | | | 4S0211202 | Дәстүрлі ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы |
| | | | 4S0211203 | Эстрадалық ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы |
| | | | 4S0211204 | Хор әртісі |
| 11 | 0211300 | Хорды дирижерлау | 4S0211301 | Хормейстер, оқытушы |
| 12 | 0211400 | Актерлік өнер | 4S0211401 | Драма театрының әртісі |
| | | | 4S0211402 | Музыка театрының әртісі |
| | | | 4S0211403 | Қуыршақ театрының әртісі |
| | | | 4S0211404 | Сөз сөйлеу жанрының әртісі |
| | | | 4S0211405 | Эстрада жанрының әртісі |
| 13 | 0211600 | Хореографиялық өнер | 4S0211603 | Балет әртісі, оқытушы, хореографиялық ұжым жетекшісі |
| | | | 4S0211604 | Би ансамблінің әртісі, оқытушы, хореографиялық ұжым жетекшісі |
| | | | 4S0211605 | Хореография пәнінің оқытушы-концертмейстері, фортепиано оқытушысы |
| | | | 4S0211606 | Заманауи би әртісі, оқытушы, хореографиялық ұжым жетекшісі |
| 14 | 0211700 | Театр-декорациялық өнері (бейін бойынша) | 3W0211701 | Бутафор |
| | | | 3W0211702 | Гримдеуші-постижер |
| | | | 4S0211703 | Жарық аппаратурасының операторы |
| | | | 4S0211704 | Костюм бойынша суретші |
| | | | 4S0211705 | Суретші декораторы |
| 15 | 0211800 | Дыбыс операторлық шеберлік | 4S0211801 | Дыбыс операторы |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 16 | 0211900 | Әлеуметтік-мәдени қызмет | 4S0211901 | Театр ұжымын ұйымдастырушы, оқытушы |
| | | | 4S0211902 | Мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастырушы, оқытушы |
| 17 | 0212000 | Халықтық көркем шығармашылығы (түрлері бойынша) | 4S0212002 | Көркемөнерпаздар халық аспаптары оркестрінің (ансамблінің) жетекшісі, оқытушы |
| | | | 4S0212003 | Сәндік-қолданбалы шеберлік ұжымының жетекшісі, оқытушы |
| | | | 4S0212004 | Балалар тобының музыкалық жетекшісі, оқытушы |
| | **04 Кәсіпкерлік, басқару және құқық<br>041 Кәсіпкерлік және басқару** | | | |
| | **0413 Менеджмент және басқару** | | | |
| 18 | 0410400 | Менеджмент (салалар және қолдану салалары бойынша) | 4S0410401 | Менеджер |
| | **07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары<br>072 Өндірістік және өңдеу салалары** | | | |
| | **0722 Материалдар өндірісі (шыны, қағаз, пластик және ағаш)** | | | |
| 19 | 0722300 | Керамикалық өндіріс | 3W0722301 | Қышшы |
| | | | 4S0722304 | Техник-технолог |
| 20 | 0722400 | Фарвор және фаянс бұйымдарын дайындау | 3W0722401 | Фарвор және фаянс бұйымдарын қалыптаушы |
| | | | 3W0722402 | Фарвор және фаянс бұйымдарын күйдіруші |
| | | | 4S0722403 | Техник-технолог |
| 21 | 0722800 | Жиһаз өндірісі | 3W0722801 | Жиһаздың әсемдік элементтерін дайындаушы |
| | | | 3W0722805 | Ағаш және жиһаз өндірісінің шебері |
| | | | 4S0722806 | Техник-технолог |
| | **0723 Тоқыма (киім, аяқ киім және былғары бұйымдары)** | | | |
| 22 | 0723000 | Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | 3W0723004 | Киім конструкторы |
| | | | 3W0723005 | Модельер-пішуші |
| | | | 4S0723006 | Модельер-конструктор |
| | | | 4S0723007 | Техник-технолог |
| 23 | 0723100 | Тері және тон бұйымдарын өндіру технологиясы | 3W0723103 | Өңдеу шебері-пішуші |
| | | | 3W0723104 | Бұйымдарды тігуші |
| | | | 4S0723105 | Техник-технолог |
| 24 | 0723300 | Тоқу өндірісі (түрлері бойынша) | 3W0723301 | Қолмен тоқыма тоқушы |
| | | | 4S0723203 | Техник-технолог |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 25 | 0723700 | Трикотаж, тоқыма, галантерея бұйымдары технологиясы | 3W0723703 | Пішуші |
| | | | 4S0723704 | Техник-технолог |
| | **073 Сәулет және құрылыс** | | | |
| | **0731 Сәулет және қала құрылысы** | | | |
| 26 | 0730100 | Архитектура | 3W0730101 | Графикалық жұмыстарды орындаушы |
| | | | 4S0730102 | Техник-жобалаушы |
| 27 | 0730400 | Дизайн, азаматтық ғимараттарды қалпына келтіру және қайта құру | 3W0730401 | Көркем макеттеу шебері |
| | | | 3W0730402 | Көркем сәндік жұмыстар шебері |
| | | | 4S0730403 | Техник-дизайнер |
| 28 | 0730500 | Ландшафтық дизайн | 3W0730501 | Көгалдандыру шебері |
| | | | 4S0730502 | Ландшафт дизайнері |
| | **10 Қызметтер**<br>**101 Қызмет көрсету саласы** | | | |
| | **1012 Шаштараз және косметологиялық қызметтер** | | | |
| 29 | 1010200 | Шаштараз өнері және сәндік косметика | 3W1010201 | Шаштараз-шебер |
| | | | 3W1010202 | Шаштараз-стилист |
| | | | 3W1010204 | Визажист |
| | | | 4S1010205 | Суретші-модельер |
| | **1015 Саяхат, туризм және бос уақыт** | | | |
| 30 | 1010500 | Туризм | 3W1010502 | Гид, саяхат жүргізуші |
| | | | 3W1010503 | Туристік агент |
| | | | 4S1010504 | Туризм менеджері |

А.2 кестесі

**Қазақ ұлттық өнер университетінің білім беру бағдарламаларына ұқсас ортадан кейінгі білім мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесі**

| № | Мамандық | | Біліктілік | |
|---|---|---|---|---|
| | **Коды** | **Атауы** | **Коды** | **Атауы** |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| | **02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар<br>021 Өнер** | | | |
| | **0211 Аудиовизуалды құралдар және медиа өндіріс** | | | |
| 1 | 0210100 | Графикалық және мультимедиялық дизайн | 5AB0210101 | Графикалық және мультимедиялық дизайнның қолданбалы бакалавры |
| | **0212 Сән, интерьерлер дизайны және өнеркәсіптік дизайн** | | | |
| 2 | 0210400 | Дизайн (салалар бойынша) | 5AB0210401 | Дизайнның қолданбалы бакалавр |
| | **0214 Қолөнер өндірісі** | | | |
| 3 | 0210500 | Қайта қалпына келтіру (түрлері бойынша) | 5AB0210501 | Көркемөнер бұйымдары мен сәндік-қолданбалы өнер туындыларын қайта қалпына келтірудің қолданбалы бакалавры |
| | **0215 Музыка және театр өнері** | | | |
| 4 | 0211600 | Әлеуметтік-мәдени қызмет | 5AB0210601 | Әлеуметтік-мәдени қызметтің қолданбалы бакалавры |
| 5 | 0211700 | Халықтық көркем шығармашылығы (түрлері бойынша) | 5AB0210701 | Халықтық көркем шығармашылығының қолданбалы бакалавры |
| | **04 Кәсіпкерлік, басқару және құқық<br>041 Кәсіпкерлік және басқару** | | | |
| | **0413 Менеджмент және басқару** | | | |
| 6 | 0410300 | Менеджмент (салалар бойынша) | 5AB0410301 | Менеджменттің қолданбалы бакалавры |
| | **073 Сәулет және құрылыс** | | | |
| | **0731 Сәулет және құрылыс** | | | |
| 7 | 0730100 | Архитектура | 5AB0730101 | Архитектураның қолданбалы бакалавры |
| 8 | 0730300 | Дизайн, азаматтық ғимараттарды қалпына келтіру және қайта құру | 5AB0730301 | Дизайнның, азаматтық ғимараттарды қалпына келтірудің және қайта құрудың қолданбалы бакалавры |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | **10 Қызметтер**<br>**101 Қызмет көрсету саласы** | | | |
| | **1012 Шаштараз және косметологиялық қызметтер** | | | |
| 9 | 1010200 | Шаштараз өнері және сәндік косметика | 5AB1010201 | Шаштараз өнерінің және сәндік косметиканың қолданбалы бакалавры |
| | **1015 Саяхат, туризм және бос уақыт** | | | |
| 10 | 1010500 | Туризм | 5AB1010501 | Туризмнің қолданбалы бакалавры |